

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 413 "Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 545 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 желтоқсанда № 5963 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 17-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 413 "Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4623 тіркелген, 2015 жылғы 10 желтоқсанда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 17-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. "Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамаға белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары М. Е. Абдуллинге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

